

# ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН

**М.Әуезов атындағы ОҚУ Мәдениет және спорт факультетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» және «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедраларының оқытушылары мен студенттерінің шығармашылық ізденістері қазақ халқының менталитетіне негізделеді.**

Шығармашылық және педагогикалық мамандар даярлайтын педагогтардың рухани-шығармашылық әлеуетінің негізі этномәдениет болып табылады. Оның жүзеге асырылуы педагогтар мен студенттердің шығармашылық жұмыстары арқылы айқындалады. Оқу ордасында бұл 5В010700, 6В01430 - Бейнелеу өнері және сызу, 5В042100, 6В02170 - Сән дизайны студенттерінің курстық және дипломдық жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір дайындалған сәндік қолданбалы өнер бұйымы немесе ұлттық нақышта орындалған киім топтамалары қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ерекшеліктерін, интеллектуалдық, эмоционалдық, құндылық көзқарастары мен бағдарларын, қазақ ұлтына тән мәдениетін қамтиды.

«Сән дизайны» мамандығының студенттері сән көрсетілімдерімен қатар киім дизайны әлеміндегі бағыттарымен танысып, жаңа үлгідегі этно-киім топтамаларын шығаруда. Нәтижесінде заманауи топтамалар облыстық, республикалық және халықаралық дизайн өнер, сән байқаулары мен көрмелерінде жүлделі орындарға ие болуда.

Мәселен, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне арналған «Мәдени Мұра» атты халықаралық суретші педагогтер симпозиумында «Сән дизайны» мамандығы бойынша «Сән және стиль» үйірмесі дефиле шеруі өтті. Онда 40-қа жуық ұлттық киім үлгілері күрделі техникаларда орындалған. Оның ішінде «Нұрлы Тау» және «Мәңгілік Ел» киім топтамалары ерекше көзге түсті.

-«Мәңгілік Ел» киім топтамасының тігілу мақсаты – ұлттық мәдениетті насихаттау, дәріптеу, жастар жүрегінде патриоттық сезімді ұялату,

- деп атап өтті «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР дизайнерлер одағының мүшесі Г.Дайрабаева.

Дефиле шеруде айрықша топтамалар ұсынылды. Олар – «Сиқырлы түстер» киім топтамасы – жетекшісі, аға оқытушы А.Кенжебаева, қыз ұзатуға арналаған «Арнау» киімдер топтамасы – жетекшісі, оқытушы М.Абуова, «Әсел», «Ай-Күміс» киім топтамалары - жетекшісі, оқытушы Л.Ибрагимова, «Жаңару өрнегі» этно киім топтамасы – жетекшісі, оқытушы Ж.Досқараева. Киім дизайн бағытында жұмыс жасап жатқан кафедра оқытушылары этно, заманауи, классика бағыттары бойынша студенттерге өзіндік стиль қалыптастыруда бағыт-бағдар беруде.

Университетте «Сән дизайны» мамандығы оқытушылары мен студенттері үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Атап айтар болсақ, 2016 жылы «Нео-фольклор» байқауында студенттер бірінші орын алды. 2012 жылы Техас киім топтамасы Берлиндегі Орыс үйінің дипломына ие болды. 2017 жылы «Нұрлы тау» және «Өрнек сыры» киім топтамалары Сочи қаласында өткен II Ресей-Қазақстан жастар форумында ерекше деп танылып, дипломмен марапатталды.

Қорыта айтқанда, шығармашылық және педагогикалық мамандарын кәсіби даярлауда жүргізілген іс-шаралар болашақ мамандардың мәдени санасының дамуына, ұлттық мәдениеттің жаңғыруына игілікті ықпал етініне сенімдіміз.

**Г.КУНЖИГИТОВА,  
Г.ДАЙРАБАЕВА,  
П.ИБРАИМОВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ  
аға оқытушылары**